



Газет 1948 ж.
20 сәуірінен
шыға басталды

Қазақ университеті

№ 6 (1261)
қыркүйек,
1997 жыл

Той тойға ұлассын, Мұхтар мұрагерлері!



Зейнолла Қабдолов,
академик, халық жазушысы

БҮТІН БІТІМ

Бағамдап байқасақ, Әуезовте оққан, мақсаттан, не арманнан тыс тіршілік болмаған секілді. Ойын соңындағы ойсыз балалық кезеңінен өтпеген тәрізді. Бірден жігіттік шаққа секіріп шығып, бірден пісіп-есейе берген жайқалды... Мұхтанмен мен көп сырласқан адаммын. Ол - ұстаз, мен - шәкірт қана емес, ол - аға, мен - іні, ол аз десеңіз, ол - әке, мен - бала секілді қарым-қатынаста болғанбыз.

Қазақ университетіндегі лекцияларымызды бір мезгілде, тіпті есіктері бір-біріне қарама-қарсы екі аудиторияда қатар оқып, үйлерімізге міндетті түрде Мұхтанның машинасымен бірге қайтып жүрген кездерімізді, Мұхтанның басы ауырып, балтыры сыздаса, өз отбасымыздың бір адамы ауырып қалғандай ауруханаға жүгіріп жүретінімізді, Азия-Африка жазушыларының Ташкент конференциясы секілді халықаралық форумдарға делегат болып бірге қатысатынымызды айтпағанда, бір жолы Мұхтан қонақ боп келген қырғыз жазушыларын Мұхтанмен бірге қабылдап, Тәжікбас Әбділда ағамыз (Сара жеңгеміз бей Шахмет аға Хусайынов) - бәріміз Есіккөлге сайрандап барғанымызда, Мұхтан шағын мейманханадағы жалғыз люкпен қонақтарға, жартылай люксті жақтанмен бірге жүр ғой деп Әбекене бергізіп, екеуіміз солардан қалған аядай тар бөлмеде қушақтасып бірге ұйықтағанымыз бар (бұл бір новелланың мазмұны); сонда менің төбе шашыма тиген Аға демінің дірілін әлі күнге дейін тұлғамды шымырлап сезінемін.

Жә, несің айта берейін, ғажап еді ғой!..

Сондай күндердегі сырласулардың бірінде Мұхтан маған (менен отыз жас үлкен ғой) мендей жас кезінде Абай еліңде жылдың төрт мезгілін өміріндегіден гөрі Абай өлеңіндегідей сезініп-қабылдайтының айтқан еді.

Бұл оның суреткерлік сапарының басынан аяғына дейін ақиқат өмірге Абайша қарағаны, өмірді Абай дүрбісімен көріп-тануы болатын. Абаймен бұлайша тұтасу, біте қайнасу Мұхтанға тағы да бітім бүтіндігіне жетелей берген. Демек, Әуезов творчествосындағы ірілік, кесек ерекшелік, келелі, күрделі де іргелі көріністердің бәрі - тағы да оның талант табиғатындағы айрықша асыл қасиеттер. Әуезов сол бастапқы бала кезінен кейінгі дана кезіне дейінгі бір отбасының қамы емес, бүкіл Отан туралы оймен, мақсат-мүддемен өмір сүргені, тіршілік еткені деп білуіміз керек. Бұдан асқан бітім бүтіндігі бола ма?



Тұманбай Молдағалиев,
Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының
лауреаты, халық жазушысы

ӘУЕЗОВ ОТЫР

Қияға бір кез шаршамай қағылған қанат,
Даңқы да кеткен алысқа дауылмен тарап.
Театрдың алдында Әуезов отыр,
Алатауға бір түрлі сабырмен қарап.

Алатауға қарайды Әуезов үнсіз,
Шебердің шебері еді ғой бір өзі мінсіз.

Бір шығып қалған қазақтың болса да даңқы,
Тіршілікті кештім дей алмас ол дағы мұңсыз.

Құдайдан безген арсыздар арман- ойды аттап,
Бірталай опық жегізді-ау оны да даттап.
Кезінше күндеп дарынсыз, далбағай жандар,
Көрсетпей бақты күн көзін қарғадай қаптап.

Әуезов жемді бәрібір, әділет жықты,
Ерлігін оның жасаған елі де ұқты.
Әулие дарын өзінің көрсетіп күшін,
Өсекшілерді қуалап көріне тықты.

Арман керуені көп жүрген сахара кезіп,
Өзінің туған қазағын ата-ана сезіп.
Абай көшесі бойында ояларға шомып,
Алатау жаққа көз тігіп отыр Әуезов.

Жазыла берсін өлеңдер, оқыла берсін,
Уақыт айтады жабысын, не қулагерсін.
Театрға келген күн сайын халқына қарап,
Ояларға шомып Әуезов отыра берсін.

Отыра берсін ұлы аға, қасына біз кеп,
Риза болар сірә де көрсетсек қызмет.
Күнменен бірге оянып Абайдың өзі
Келе де жатқан секілді жыршысын іздеп.



Қайталанбас дара тұлға, ғажайып суреткер, аса көрнекті ғалым, біздің оқу орнының профессоры М.О.Әуезовтің бүкілхалықтық мерейтойына орай Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде 23-24 қыркүйекте “Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті” атты халықаралық ғылыми симпозиум өтеді. Осынау сындарлы мәжіліске қатысушы қайраткерлердің, ғалымдардың ұлы жазушының өркениетті әлемі туралы ойларын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

КӨПЖАСАР НӘРІБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік
ұлттық университетінің ректоры,
ҚР ҰҒА коррепондент-мүшесі.

ӘУЕЗОВ ТУРАЛЫ СӨЗ

Ғұлама жазушы шығармашылық өнер туралы жастарға арнап айтқан бір сөзінде: “Бірде достасып, біресе алысқан, кейде қуанып, күліп, мәз-мереке көрген немесе ащы күйік, ыстық жас төгіп өкінген, жеңілу мен ұтылу жазасын шеккен, болмаса жеңіс, табыс пен қуаныш, шаттық тапқан, қысқасы, бар тынысы балқыған жазушылық жүректен ғана шын шығарма туады”, - деген екен.

Бұл сөздерде де қаламгердің өз жанының сыры, өз басының шындығы жататындығы даусыз. Мен жазушылық еңбектің нәзік қырлары мен терең сырларына қанықпын деп айта алмаймын. Әйтсе де, Әуезовтің жоғарыда аталған шығармаларының қай-қайсысы да осындай “бар тынысы балқыған жазушылық жүректен” туған десем, артық кетпеген болармын. Ғұлама суреткердің бар тынысы балқыған жазушылық, ұстаздық жүрегінің ыстық лебі Қазақ университетінің студент жастар мен ұстаз-ғалымдарының мерейін өсірген, нұрын тасытқан рухани ұлы қуат көзіне айналып қалды десем, ол да артық емес.

Мұхтар Әуезовтің ғылыми-зерттеу еңбектерінің өзегі де халықтық мазмұнға толы. Ғұлама тұлғаның қазақ халқының байырғы мәдениеті мен ауыз әдебиеті, Абайдың өмірі мен шығармашылығы, туысқан қырғыз халқының батырлық эпосы “Манас” туралы



және басқа терең мағыналы зерттеу еңбектерінен бастап, татар халқының қаһарман ұлы, қыран ғұмырлы қайсар ақыны Мұса Жәлел жайлы толқып, тебіреніп айтқан сөздерінде қаншама кендік пен тереңдік, халықтық рух, халықтық мән-мағына жатыр десеңізші! Бүгінгі адамзаттың асыл перзентіне айналып кеткен Шыңғыс Айтматов хақында осыдан қырық жылдай бұрын бата-тілек түрінде жазылған мейірге, жылу мен жарыққа толы еңбегі де қаламгердің әдебиет пен өнерге, халықтың рухани байлығына, талант тағдырына

қаншалықты үлкен жауапкершілікпен, үлкен үмітпен, құрметпен қарағандығын анық аңғартады. Туған халқының әдебиеті мен мәдениетінің үміт күттірген жас таланттары үшін ұлы суреткердің жайсаң жаны өзінен туған балаларына ашылғандай ашылады, тіпті өмір мен өлім арасында арпалысып жатқан шағында да іні-достарын есінен шығармайды. Өмірін ақтық минуттарында болашағынан үміт еткен қаламдас дос-інілері, іні-достары туралы ойланып, өмірінің ақтық сәттерін соларға өсиет-хат жазуға арнау - жұмыр басты кісінің қолынан өте сирек келетін ұлы да ұлағатты іс. Мұндай ұлы іске, мұндай ұлағатты іске ұлы тұлғаның, ұлағат иесінің, Әуезов сияқты біртуар данышпанның ғана ақылы жетіп, батылы баратын болса керек.



ҚР ҰҒА академигі
Серік Қирабаев:

- “Абай жолы” эпопеясының табысы М.Әуезовтің жазушылық тәжірибесінің дүниежүзілік мән алғанын мойындатты. Әрбір классикалық туынды сияқты, бұл шығарманың да бізге ұсынар сыбағасы мол. Ондай шығармаларда мәңгілік бір қасиеттер болады, оны қашан оқысаң да, бұрын оқымағандай, жаңаша естіледі, ойыңа ой қосады, сезімді түсінігінді байытады. Ол сен ойлаған ойды айтады, көкейіндегіні дәл басады. Біз үшін Абайдың өз шығармалары да, ол туралы роман да осындай еңбектер. Абайдың да, Мұхтардың да ойы, сөзі кешегіні суреттегенмен, бүгінгіге қызмет етіп, келешекке бет түзеп барады.

Мұхтар көп нәрсеге бас болды, тыңнан жол салды. Көне сүрлеумен жүре беруді ол мұрат тұтқан жоқ. Оның “Абай жолына” кейін де жеті жылдық жоспардың әр жылы оқиғасына бір-бір роман (жеті романдан тұратын цикл) арнамақ ойы күрделі, әрі кесек еді. Онда ол Абайдан кейінгі ұрпақтың бүгінге дейінгі өмірін суреттеуді көздеді. “Өскен өркен” сол романдар сериясының соңғы кітабы болады деп есептеді.

ҚР ҰҒА академигі
Зәки Ахметов:

- Мұхтар Әуезов әдебиеттің, мәдениеттің өркендеуіне, оларды зертейтін ғылым салаларының дамуына үнемі айрықша мән берген, жазушылық еңбегін әдебиетті зерттеу ісімен терең, тығыз ұштастырған, қатар жүргізген. Елдің еркіндігі, халықтың мәдениет пен ғылымға қол артуы, прогрес жолымен дамуы үшін күрескен, ХХ ғасырдың басында тарих сахнасына шыққан қайраткерлердің қай-қайсысы болсын, халық санасын оятудағы әдебиет пен мәдениеттің ролі орасан зор екенін жақсы түсінген. Мұның өзі Абай, Шокан, Ыбырай секілді ақыл-ой алыптарынан басталған, енді кең арнаға түсіп, өркен жайған дәстүр болатын. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов секілді қайраткерлер, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сияқты әдебиетіміздің аса дарынды өкілдері қазақ халқының рухани тәуелсіздігін сақтап қалудың сара жолы - туған тілімізді, керемет бай сөз өнерімізді кастерлеу, бағалай білу, онан әрі өркендету екенін ойдан шығармай, бұл игілікті іске аянбай ат салысты.

Филология ғылымының докторы
Тұрсынбек Кәкішұлы:

- Мұхтар Әуезовтің сыншыл реализм дәстүрінде шығарма жазуын пайымдаудың түп төркінінде қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшелігін әлемдік көркем сахнасынан қарап-танудың сілемі жатқанын аңғармасқа болмас. ЮНЕСКО-ның М.Әуезовтің 100 жылдығын дүние жүзінде өткізу шараларын белгілеуінің өзі осы ойдың нақты көрінісі ғой. Сонау 50-жылдарда айтылған өнімді олардың әдебиет тарихында ең сүбелі мәселелердің бірі болуы көңіл көншітпей қоймайды. Сондай-ақ “Қазақ әдебиеті сынының тарихы” оқулығының “Көркемдік тәжірибе - қисын негізі” деген бөлімінің түгелдей сыншыл реализмге арнауы да тегін емес. Олай болса, көркемдік дүниесіндегі сабақтастық жайына назар аудармасқа болмайды, өйткені эстетиканың ең өзекті проблемасы екені бір болса, соны еріксіз әңгімелетіп отырған М.Әуезовтің әлемдік тұлға екендігі тағы бар.



Суретте:
М.О.Әуезов ізбасарлары Азия-Африка жазушыларының Ташкент конференциясында.





ҚР ҰҒА
корреспондент-мүшесі
Рымғали Нұрғалиев:

- Алаш ұранды әдебиетті жасаған қаламгерлердің жеке басына, шығармаларына тән ортақ, сапалы белгілер олардың тағдырын, мұрасын бір тұтас құбылыс ретінде қарауға мүмкіндік береді. Қоғамдық белсенді әрекетке, негізінен XX ғасыр басында шыққан бұл толқын 1905 жылғы алғашқы орыс революциясы, 1917 жылғы ақпан, қазан революциялары, өкімет басына большевиктердің келіп, совет үкіметінің орнауы секілді аспан жарылып, жер сілкінгендей әлеуметтік ғалам жарылыстар тұсында қайрат көрсетті. Осы ұлы ағыстардың баршасы олардың жеке өміріне, қоғамдық, шығармашылық тағдырына ықпал жасап, терең із тастады.

Табиғатынан дарынды жаратылған бұл буын өкілдері қазақы тал бесікте тербеліп, исламның иманды бұлағынан нәр алып, мұсылманша хат танып, одан кейін жәдидше, орысша оқып, жоғары дәрежелі білім алған, Орынбор, Омбы, Семей, Алматы, Ташкент, Уфа, Қазан, Мәскеу, Петербург секілді шаһарлар тәрбиесін көрген, өз заманының көзі ашық зиялылары. Бұлар

мұғалімдік, инженерлік, зангерлік, экономистік, дәрігерлік секілді сан-алуан мамандық иелері. Түркі, славянды былай қойғанда, араб-парсы, ағылшын, неміс, француз секілді жеті жұрттың тілін меңгерген.

Алаш қайраткерлері табиғатынан асыл туған, айрықша дарынды жандар. Олар сол сөнбес отты нәрсіз іске, аз күндік мақсатқа, өткінші атак-даңқ алуға, қайырсыз байлық-дәулет табуға емес, ұлтқа қызмет ету деп аталатын мәңгілік арманға жұмсаған. Күрес жолына шыққан кезде бұл ерлердің бес қаруы сай еді. Сол замандағы кез келген озық елдің зиялыларынан асып түспесе, кем соқпайтын, әртүрлі ғылым негіздерін меңгерген, сегіз қырлы, бір сырлы тұлғалар еді. Алаш қозғалысына қатысып, "Алаш" партиясын құрысып, Алашорда үкіметін жасаған қайраткерлер ішінен қазақ әдебиетінің алтын діңгек, сом тұғырлары шықты. Отаршылдықпен шайқас, артта қалушылыққа қарсылық, надандықты мансұқ ету, азат, тәуелсіз демократиялық, дербес мемлекет құруды биік нысана ету, белгілі бір тап мүддесі емес, жалпы ұлт мақсаты үшін күресу, өркениетті нысана тұту - бұл ұғымда болған ұлылы-кішілі азаматтардың баршасының дүниетанымына ортақ, степене қасиет, сапалар еді.

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі
Мырзатай Серғалиев:

- Ғабеннің ешбір жасқаншақтамағай, бүкпей, бойын мақтан кернеген сезіммен ойын әсерлі айтуы кімнің де болса басын шұлғытады. "...Онегин" мен "Абайды" салыстыра қарасақ, елдің ашуы мен кегін, ойы мен сезімін, салты мен санасын, әр таптың, әр толтын адамдарының бейнесін көрсетуде "Абай", әрине, кең жатыр", - дейді. Сол қырқыншы жылдары әлемдегі бар жақсының бәрі орыста ғана, одан асып кету мүмкін емес тәрізді қағида белен алып тұрған шақта Ғабит сияқты идеологиялық майдандағы қайраткердің ойын дәл осылайша кесімді айта алуы, осындай тәуекелге баруы ақиқатты ту еткен адамның ісі ғана болуға лайық. Оның үстіне, әлем танып, мойындаған Пушкин шығармасынан да жоғары қойып отыр ғой. F. Мүсірепов шын мәніндегі әлем деңгейіне көтерілетін романның табыстарын санамалау үстінде өз әріптестерін де қатаң сынға алады. Мәселен баяндамашы Е. Ысмайыловтың "Көк үйдегі көршілер", "Тулаған толқында", "Менің мектептерім", "Балуан Шолақтарды" "Абаймен" қатар қойғанына тіпті де риза еместігін білдіреді.

Филология ғылымының докторы
Жанғара Дәдебаев:

- Абайдың әдеби мұрасы қазақ халқының дүние әлем, бақи мен жалған туралы байырғы ұғым түсініктерімен, дәстүрлі дүниетанымының негізгі категорияларымен тығыз байланысты. Ақын адамгершілік туралы ойларын қайрат, ақыл, әділет, шапағат секілді адам бойындағы асыл қасиеттер негізінде ашады. Аталған қасиеттер Шығыс халықтарының дәстүрлі дүниетанымында ерекше орын алған, Абайдың бір өлеңінде ғана емес, барша шығармашылық өнеріне тән мән-мағынаны белгілейтін айрықша бағалы көркемдік-эстетикалық құбылыстардың қатарына жатады. Ақынның "Ғылым таппай мақтанба" (1886)

өлеңінде айтылатын талап, еңбек, қанағат, рақым, 1889 жылы жазылған "Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек" өлеңіндегі ақыл, қайрат, жүрек, сондай-ақ 1896 жылы жазылған "Малға достың мұңы жоқ малдан басқа" өлеңіндегі ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек жайындағы толғаныстардың өзегін де осындай биік халықтық адамгершілік нысана тұрғысынан құрайды. Адамгершілік кемелдігі туралы мұндай философиялық мәдени әлеуметтік ойлар ақынның қара сөздерінің де басты желісі болып табылады. М. Әуезов өзінің зерттеу еңбектерінде, эпопеясында Абайдың адамгершілік нысанасының негізін түзген осы секілді халықтық эстетика категорияларының мазмұнына айрықша көңіл бөледі.

Докторант КазГУ
Маргарита Маданова:

- Среди писателей, чей творческий опыт был тщательно проработан Ауэзовым в этот период, упоминается имя французского романиста Анри Моруа, плодотворно работавшего в жанре биографического романа. На становление этого жанра огромное влияние оказали такие факторы, как возрастание роли личности в историческом процессе и в то же время переосмысление исторического прошлого с позиций сегодняшнего дня. Моруа четко сформулировал свое кредо, когда завял: "Для меня биография является одной из основных форм истории, потому, что я считаю человека не только объектом, подчиненным законам истории, но и ее субъектом, творцом". Это признание французского писателя было вполне созвучно мыслям Ауэзова.

В целом, в основе концепции обоих писателей лежало стремление показать человека, способного творить и искусство, и историю. Общим для обоих романистов было признание высокой миссии искусства, культ сильной и творческой личности, чувство историзма, тяготение к разработкам психологизма и особое трепетное отношение к девятнадцатому веку.



Доцент Бакинського
госуніверсітета Лілія Зейналова:

- Общеизвестно, что до XVIII-XVIII веков литературный процесс в обширном регионе, где жили тюркские народы с давних времен, был единым в прямом смысле этого слова: начиная с нового времени, уже под давлением социально-политических процессов, идет дифференциация и на культурно-литературном уровне. Но с одним условием... Это заключается в том, что все крупные явления в литературе появляются на аналогичной основе. Повторяю, что не на типологической, а на аналогичной основе. Можно привести десятки, даже сотни аналогий в литературе тюркских народов новейшего времени - XX века.

По-моему мнению, социально-эстетические причины существования таких постоянных и продолжительных аналогий следующие:

а) этнокультурная общность тюркских литератур и народов, имеющая большую единую и богатую разнообразными событиями, историю;

б) общность эпоса, имеющего три исторических типа: древний, средневековый и новый (национальный);

в) единство социально-идеологического процесса в первой половине XX века и единая реакция национально-литературно-эстетического мышления...

Доцент Самаркандского
госуніверсітета
Рубен Назарян:

- Казахский ас, описанный Ауэзовым, ведет свою родословную со времен язычества. Поминование усопших, сопровождающееся грандиозным пиршеством, различными народными играми, состязаниями борцов и конными ристаниями, были традиционными для быта монгольских, тюркских и славянских племен. Довольно убедительными фактами сходства традиций весьма различных этносов может служить славянская тризна, многократно описанная в научной и художественной литературе. Значительно позднее эти языческие обряды претерпели существенные изменения под влиянием ислама и христианства.

Профессор Актюбинского
госуніверсітета Алтай Тайжанов:

- По мнению М.Ауэзова, преподаватели в процессе углубления взглядов нового поколения, формирования их характера и воли, развития способностей должны уметь выбрать самые лучшие образцы детской литературы, потому что только лучшие произведения способны влиять на сегодняшнюю молодежь в позитивном плане, именно они способны раскрыть положительные и отрицательные черты характера человеческой личности. Над этой благородной задачей должны работать педагоги в процессе воспитания детей.

Можно без преувеличения сказать, что с этой точки зрения творчество М.Ауэзова является для нас образцом для подражания. То, что юношеские годы обладателя таланта на стадии формирования его мировоззрения бывают интересны и в то же время интересны, мы впервые видим в романе, написанном и изданном на казахском языке - "Абай". Что бы ни писал М.Ауэзов, главной целью он всегда ставил задачу привития молодежи чувства любви к родине, своему народу, уважения к его истории и культуре. С большим пониманием следует относиться к словам о том, что хорошие книги о великих людях - первые помощники в воспитании у молодежи гуманности, чести, национального самосознания.



Кандидат филологических наук,
доцент Ербол Абайдельдинов:

- Ныне в ауэзоведении насчитывается сотни трудов специалистов различных областей науки. Назрела необходимость раскрытия сложного многогранного наследия М.О.Ауэзова в синтезированном, комплексном исследовании, которое будет содержать и филологические и исторические, и этнографические, и юридические аспекты реальной жизни казахского народа и его образного отражения в художественном творчестве писателя.

Подобного рода исследование даст возможность более полного, адекватного понимания сложной многоаспектной организации, глубинного смысла романа-эпопеи "Путь Абая" и других произведений М.О.Ауэзова.

это система ценностных взглядов, выработанная в течение жизни. Однако нельзя представить человека без мироощущения, ибо оно является фундаментальной основой психики, интеллекта, чем-то вроде эмоционально-психологического поля, уходящего корнями в подсознание, в прапамять. Мироощущение обуславливает общий ритм и направленность деятельности организма и сознания. Если в сознании мироощущение формируется в философии, можно говорить о мировоззренческой тенденции.

Молодой Ауэзов приехал в Ташкент из красивого, овеянного легендами края. Импульсивный, как бы распираемый ощущением своего мощного таланта, с великолепной образно-музыкальной памятью, он был переполнен впечатлениями и надеждами.

Суретте:
М.О.Әуезовтің
оқырмандары

Кандидат
филологических
наук, доцент Аслан
Жаксылыков:

Мировоззрение - это категория скорее философская, потом эстетическая. Не всем дано иметь мировоззрение, ибо



ҚАЗАҚ-ТҮРІК ДОСТАСТЫҒЫ МӘНГІЛІК ЖАСАЙ БЕРЕДІ

Түркияның елу бесінші премьер-министрі Месут Иылмаздың алғашқы шетелдік ресми сапарының Қазақстаннан басталғанында үлкен мән бар. Өйткені туысқан елдер арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени байланыстардың нығая түсуіне екі жақ та аса мүдделі болып отыр.

Екі күндік сапары ауқымында Түркия республикасының үкімет басшысы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде де болды. Жиналған қауым алдында шыққан Месут Иылмаз мырза қазір Қазақстанда 500-ге жуық түрік фирмасының іскерлікпен жұмыс істеп жатқанын, түрік мұғалімдері мен студенттерінің жалпы саны 10 мыңға жеткенін қанағаттанғандық сезіммен атап өтті. Ал Түркияға Орталық Азия елдерінен барған 10 мың студент стипендия және жатақханамен қамтамасыз етілген, олардың 1400-і қазақ бауырларымыз деді ол.

Мәртебелі мейманға жылы шырайлы қонаққәде жасалды, университетіміздің ректоры К.Н.Нәрібаев Месут Иылмазды құрметті профессор атағы берілгендігімен құттықтай келіп, оның иығына қазақтың оқалы шапанын жапты, қалыптасқан дәстүр бойынша Әл-Фараби бейнесі түсірілген кілемшені табыс етті.



Премьер-министр университет басшылығына сый-сияпаттары үшін алғысын айта келе, қазақ-түрік достастығының мәңгілік жасай беретіндігіне сеніммен қарайтынын білдірді.

Үлкі БОРА, журналистика факультетінің
түркиялық шәкірті.

ҚАЗАҒЫМНЫҢ ТІЛІ, ХАЛІҢ ҚАЛАЙ?

1989 жылы Тіл туралы бірінші заң қабылданды. 1991 жылы осы заңның екі жылдығына орай Алматыдағы Орталық стадионда "Тілге құрмет - елге құрмет" атты республикалық фестиваль өтті.

Одан бергі уақытта еліміз егемендік алып, дербес тәуелсіз мемлекет атандық. Одан бері араға 7-8 жыл уақыт салып, екінші заң қабылданды. Енді бұл заң өз деңгейіне жеткенше, бір қалыпқа келгенше, таплай-талай уақыт өтер. Дегенмен қандай бір заң пәрменді жұмыс істеуі үшін көпшіліктің ынта-ықыласы қажет. Сонымен қатар осынау маңызды мемлекеттік шараға мұрышдық болатындар да қол қусырып отырмаса дейсіз.

Тіл туралы заңды орындау үшін не істеу керек? Осы сураққа жауапты республикалық тіл саясатын үйлестіру департаментінің басқарма бастығы Мұхит Нұртазин мырзадан күткен едік. Әңгіме былай басталды:

- Тіл туралы заң өз деңгейінде жүзеге асу үшін көп уақытты қажет етеді. Ол, біріншіден, оқу жүйесіне байланысты, яғни оқу сапасын өз деңгейіне келтіру керек. Қазір көптеген қазақ мектептерінің жағдайы мәз емес, ал бұл қазақ тілінің дамуына кесірін тигізеді. Кейбір Жоғарғы оқу орындарында қазақ тілінде білім беру нашарлау, талпыныс тым жеткіліксіз. Қазіргі қазақ тілінде шығып жатқан оқулықтардағы бастауыш сынып балаларына арналған тақырыптар өте күрделі, қиын. 6-7 жасар бала С.Сейфуллиндердің көлемді шығармасынан алынған үзіндіні қалай

түсінеді? Осының бәрін ескеру керек.

Екіншіден, іс-қағаздарының барлығы дерлік орыс тілінде жүреді. Мекемелер тек аудармашыларға жүктеп қояды. Қазір біздің департамент мынадай бағыт ұстанып отыр: қазақ тіліндегі құжат аудармасыз, мемлекеттік тілде жүргізілуі керек, оны аударуға ешкімнің де хақысы жоқ. Егер жағдайға байланысты құжат орыс тілінде болса, онда аударма орталықтары, аудармашылар бөлімі жұмыс істегені абзал.

Бір ғана мысал. Жақында Қостанайда Мұхтар Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына байланысты республикалық ғылыми-теориялық конференция тек қазақ тілінде өтті. Конференцияға қатысқан 20 шақты орыс ағайындардың сөзі ілеспе аудармамен қамтамасыз етілді...

Айтайын дегенім, қазір жұмысқа қабылдану үшін орыс тілін білуің қажет. Ал кей мекемелерде ағылшын тілін білмейінше, жұмыс жасай алмайсың. Сонда мемлекеттік тіліміздің қайда қалғаны? Бұл азаматтық хуқыққа шек қою емес пе? Осының бәрін ескерген үкімет бұл салада жаңа бағдарлама даярлап жатыр. Ол қашан пісіп келер екен деп жатып алмай, әр азамат мемлекеттік тілдік ортаны қалыптастыру, нығайту жолында тер төуге міндетті. Ал бұл істі ең алдымен мемлекеттік қызметшілерден бастаған дұрыс. Өйткені олардың ішінде де қазақшаға шорқақ, өз ойын жеткізе алмайтындар, тіпті қазақша жаза алмайтындар да бірсыпыра. Халыққа қызмет ететін қызметкерлер

мемлекеттік тілді білмесе, басқалардан не қайыр? Сол үшін де оларға қатаң талап қоюымыз жөн болар еді. Ақыл айтудан, құрғақ сөзден ештеңе өнбейді. Мемлекеттік тіл бүкіл қоғам өміріне қатысты екенін ескерсек, тіл орталықтарын құрудың маңызы зор. Сонда ғана бұқаралық ақпарат құралдары, кітап шығару ісі, радио, телебағдарламалардың сапасы арта түспек.

Тіпті: Орта және жоғары білім беру орындарындағы қазақ тілі төңірегінде не ұтар едіңіз?

М.Н.: Мен қарапайым бір-екі мысал келтірейін. Дене шынықтыру институтында бірде-бір қазақ бөлімі жоқ болса, би (хореография) училищесінде домбыра пәні жүрмейді. "Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра", - демекші, оның астарында қазақтың рухы жатқан жоқ па? Ұл домбыраны білмей қалай әртіс болмақ? Сондықтан ұлттық тәлім-тәрбиеге көп мән беру керек дер едім.

Көріп отырсыздар, тіл туралы заңымыздың орындалу барысы онша көңіл көншітерлік емес. Қазақ тілі - тек қазақтар үшін пайдалы деген қате ұғым туғызбау керек. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының кен-байтақ жерін мекен ететін кез келген ұлт, әрбір жеке адам оны білуге, құрметтеуге міндетті. Кешегі "қазағым" деп кеткен зиялыларымыздың өсиетін орындаймыз десек, тіл мәдениетімізді бірінші орынға қойғанымыз жөн.

Жұлдыз Әбділде, 2 курс студенті



Университетские Уникальные НОВОСТИ



На предканикулярном заседании ученого совета факультета журналистики было объявлено о примечательном событии в жизни отечественной журналистской науки - создании первого, самостоятельного Совета по защите кандидатских диссертации. Этот немаловажный факт в жизни университета ценен тем, что ранее молодые ученые от журналистики не имели возможности защищаться в Казахстане и искали счастья за ее пределами.

Теперь можно поздравить всех ученых журналистов и тех, кто желает ими стать, а также 13 членов Совета с созданием нового квалификационного органа.

Значительным событием года стало открытие в Алматы II Центральноазиатских игр. Главный стадион южной столицы, где собрались тысячи зрителей, в том числе и студенты-волонтеры КазГУ, принимающие участие в проведении спортивных мероприятий, украсился флагами пяти братских государств: Казахстана, Кыргызстана, Узбекистана, Таджикистана и Туркменистана.

С приветствием к спортсменам и всем присутствующим обратились Президент МОК Хуан Антонио Самаранч и Президент нашей страны Нурсултан Назарбаев.

Огонь Центральноазиатских игр был зажжен первым олимпийским чемпионом-казахом Жаксылыком Ушкempiровым. Праздник вылился в красочное театрализованное представление, равного которому, пожалуй, у нас еще не было.

В нашем университете состоялась встреча молодых ученых, занимающихся исследованием творчества М.О.Ауэзова. Молодая поросль попыталась по-новому взглянуть на богатое наследие великого писателя, ученого, литературного и театрального критика. Среди многих, несомненно, интересных работ, обращает на себя внимание монография кандидата филологических наук Б.Жакыпа "М.Ауэзов - публицист".

Институт развития Казахстана выпустил своеобразный энциклопедический справочник "Элита Казахстана", в котором сосредоточены значимые факты из жизни свыше 600 известных людей нашего молодого государства. Здесь собраны интересные материалы об их привычках, вкусах, культурных запросах, вероисповедании, хобби. Среди политических деятелей, ученых, писателей, деятелей культуры, спортсменов, определяющих сегодня лицо страны, и ученые нашего университета: доктора наук Ашенов М.С., Аманжолов А.С., Аубакиров Я.А., Балгимбаев А.С., Биекенов К.У., Дулатова Д.И., Жатканбаев Е.Б., Кабдулов З.К., Какишев Т.К., Касымжанов А.Х., Козыбаев С.К., Койгельдиев М.К., Мансуров З.А., Молдабеков Ж.Ж., Мустафин Т.Т., Нарibaев К.Н., Сарсембаев М.А.

К столетнему юбилею М.О.Ауэзова факультет журналистики выпустил 40-минутный видеофильм "Ауэзов әлемі", автор и ведущий которого - старший преподаватель кафедры телевизионной журналистики К.Турсынов. А над режиссурой картины "колдовала" К.Корганова, являющаяся ведущим специалистом республиканского телевидения. Авторы фильма используют архивные материалы, кинохронику, воспоминания современников. Об Ауэзове свое слово с голубого экрана сказали ректор университета К.Н.Нарibaев, профессора Т.Кожакеев, Т.Какишев, З.Кабдулов, М.Сармурзина и Н.Омашулы.

К этим торжествам в честь профессора КазГУ М.О.Ауэзова ученые филологического факультета выпустили специальный номер вестника из серии филология, в котором помещены работы ректора университета, чл.-кор. НАН РК К.Нарibaева, академиков З.Кабдулова, С.Кирабаева, З.Ахметова, чл.-кор. НАН РК Р.Нурғалиева, М.Серғалиева, докторов филологических наук Т.Какишева, У.Кумисбаева, Ж.Далебаева и др.



Сборная Казахстана на молодежном командном чемпионате мира по шахматам, который прошел в аргентинском городе Сайенз-Пенд, произвела фурор, не проиграв ни одного матча. Тем не менее она завоевала серебрянные медали. Если бы не обидное поражение со счетом 0:4 за опаздание к началу турнира из-за отсутствия денег, то наша шахматная дружина могла бы стать и чемпионом мира.

Известный ставропольский селекционер Борис Рыженко однажды заметил, что отростки аквариумной зелени, брошенные им в таз с грязной мыльной водой, налились силой, увеличились и закрутились, покрыв всю емкость. Попавшись в специальные справочниках, он узнал, что трава-эйхорния реликтовая, растет в Юго-Восточной Азии и способна прямо из воды усваивать любую органическую пищу - навоз, нечистоты, бензин, технические масла и т.д. К тому же эйхорния может давать биогаз, о чем было давным-давно известно индусам, живущим на берегу Ганга. Пышная эйхорния - еще и питательный корм для всякой живности.

Проведенные Рыженковым и его сторонниками пробы воды с очистных сооружений Киржачской птицефабрики, где растет эйхорния, показали, что они отвечают санитарным требованиям, предъявляемым к воде плавательных бассейнов. Бактериальное загрязнение полностью отсутствует.

Минуло 100 дней с начала пребывания на посту главы правительства Франции 60-летнего Лионеля Жоспена, а он по-прежнему ходит в тех самых мешковатых пиджаках, что и до премьерства. И, кажется, он не уделяет ни малейшего внимания своему внешнему виду. Одни комментаторы утверждают, что ему до лампочки, во что он одет - в рабочую или смокинг от Версаче, Диора. Другие, напротив, говорят, что премьер пятой республики весьма заинтересован в утверждении своего особого имиджа - человека простого и близкого к обыкновенному люду.

На чемпионате мира по гимнастике, завершившемся в швейцарском городе Лозанне, было смонтировано 300 тонн оборудования и спортивных снарядов. Только кабели и электронные табло потянули на 8 тонн. Чтобы накормить 3-тысячную армию спортсменов, обслуживающего персонала и аккредитованных журналистов, служба питания приготовила более 20 тысяч порций холодных и горячих закусок. Если необходимо для этого посуду сложить вертикально, то она поднялась бы на высоту коктобинской телебашни.

Латиноамериканская страна Венесуэла держит абсолютный мировой рекорд по количеству официально признанных красавиц. Злешние девушки четырежды завоевывали титул "Мисс Вселенная", пять раз - "Мисс мира". Одна из них, экс-"Мисс Вселенная" Ирене Саэнс даже выставила свою кандидатуру в Президенты Венесуэлы на очередных выборах.

Вакантное кресло президента непризнанной Нагорно-Карабахской республики занял бывший министр иностранных дел НКР Аркадий Гукасян, за кандидатуру которого проголосовало более 84 процентов избирателей. Новому лидеру Карабаха сорок лет, по профессии он наш коллега - журналист.

Оказывается, лев Зевс, с которым на арене цирка работает известный дрессировщик Вальтер Запашный, был вскормлен грудью женщины. Когда он родился, у львицы пропало молоко, а только что ставшая матерью работница Душагбинского зоопарка из-за избытка молока сцеживала его и кормила львенка из соски. Через некоторое время она дала своему питомцу прямо грудь и выкармливала его до пятимесячного возраста.



Ираклий Андроников: “В университетском коридоре я познакомился с Мухтаром Ауэзовым”.

Начну издалека.

1925 год. Я, семнадцатилетний студент первого курса Ленинградского университета, избравший своей специальностью русскую литературу, стою возле дверей романо-германского кабинета и, прижимая к стенке толстую общую тетрадь, переписываю перечень сочинений немецких, французских, английских, итальянских, испанских, норвежских писателей, которые следует прочесть за четыре года “факультативно”. Многих великих - Шекспира, Сервантеса, Гете, Шиллера, Байрона - я прочел, еще будучи в школе. Но тут имена, которых я даже не слышал, и список кажется бесконечным. Я тихонько произношу имена и заглавия и кручу головой.

Рядом со мной серьезный, очень воспитанный (старше меня), очень любезный студент-казах (мы с ним еще незнакомы, но кланяемся), в фуражке с синими околышем (мы

такие не носим), занятый тем же, чем я, слушая мой вздох, говорит с мягкой улыбкой:

- А между тем без них представить себе всемирную литературу нельзя. Это классика. Каждый век соддает свои классические творения, каждая эпоха оставляет в истории литературы свой след. За нашу жизнь возникнут новые книги, достойные стоять рядом с этими. Читать придется всю жизнь... Рекомендательные списки по русской литературе вы уже видели?

Он записывает только пять-шесть имен, прощается и уходит. Значит, остальные книги читат?!

- Кто это - сейчас отошел? - спрашиваю у студента Диму Обломиевского.

- Мухтар Ауэзов... Писатель. Очень образованный человек.

- Когда это он успел?

- Он старше нас лет на десять.

И очень серьезный.

Я вспомнил про эту встречу в связи с завершением двухсоттомной “Библиотеки всемирной литературы”, потому что два тома из этих двухсот занимает эпопея великого казахского писателя Мухтара Омархановича Ауэзова “Путь Абая”, ставшая классикой...


Когда в 1925 году в университетском коридоре я познакомился с Мухтаром Ауэзовым, существовали великие книги Горького, гениальная поэма Блока “Двенадцать”; новая эпоха уже назвала Маяковского и Есенина, но скажем, Фадеева тогда еще не было, не было и романов Шолохова, Алексей Толстой написал только начало “Хождение по мукам”, Федин выпустил первую свою книгу, только что заявил о себе Леонов, никто еще не слышал имени Александра Твардовского. Не было главных книг самого Ауэзова... Сотни имен, которых в 1925г. никто еще не слышал...

Здание ушло под землю, зато сохранен орешник Ауэзова

С каждым днем становятся ближе всенародные торжества, посвященные М.О.Ауэзову, которые проводятся под эгидой ЮНЕСКО.

Большой вклад в изучение и исследование жизни и творчества писателя вносит и Научно-Культурный Центр “Дом-музей” М.О.Ауэзова, который был основан в 1963 году. Как известно, в 1996 году музей был закрыт на капитальный ремонт для того, чтобы потом достойно встретить предстоящий юбилей великого мастера. Сейчас, как сообщила заместитель директора центра Б.О.Дурманова, реставрационные работы почти уже завершены и на 27 сентября намечено официальное открытие музея, на которое ожидается прибытие большого числа поклонников творчества классика казахской литературы.

Чтобы не нарушить историческое



пространство двора, архитекторы решили экспозиционный зал посадить очень низко. Вот поэтому снаружи он смотрится компактно и миниатюрно, хотя внутри просторно, зал занимает несколько сотен квадратных метров. Его “понижение” было продиктовано и тем, чтобы центральное

здание - сам мемориальный дом - не потеряло своего господствующего положения. А самое удачное решение - сохранение орешника, посаженного руками гениального творца. Ценнейшим раритетом НКЦ “Дом-музей М.О.Ауэзова” являются рукописи писателя, документы, фонд фотографий и экспонатов. В этом году при участии этого центра, а также издательства “Ана тілі”, “Атамұра”, “Ғылым” выпущены 25 наименований книг, среди них - “Летопись жизни и творчества М.Ауэзова”, “Воспоминания”, “Даналық мәйегі”, “Талқы”, “Бесігінді түзе”, “Серый лютый” (на казахском, английском, русском языках), “Путь Абая”.

Кроме этого готовятся к выпуску первый и второй тома 50-томного полного собрания сочинений писателя на казахском и русском языках и энциклопедия жизни и творчества выдающегося мыслителя.

Ляззат Абишева, студентка 4 курса

“МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН “ЖАЗУШЫ” БАСПАСЫНАН БӨЛІП ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ”

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің Шолпан жұлдызындай жарқыраған Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына “Жазушы” баспасы қандай үлес қосып жатыр екен? Осы сұрақтың жетегімен аталмыш баспаның бас редакторы, ақын Сәкен Иманасовқа жолыққан едік.



Суретте: М.О.Әуезов қаламдастары ортасында.

- Жалпы, Мұханның өмірін, шығармашылығын дәл осы баспадан бөліп қарауға болмайды. Сонау Ұлы Отан соғысы жылдары (1942 ж.) Мұхтар Әуезовтің ұлы эпопеясы экономикалық және саяси жағдайдың қиындығына қарамастан, “Абай” деген атпен осы баспадан жарық көрді. Одап кейін он екі томдық шығармалар жинағы, араға он шақты жылдай салып жиырма томдық шығармалар жинағы басылып шықты. Екі-үш жыл сайын қазақ және орыс тілдерінде “Абай жолын” шығарып тұрамыз. Ондағы мақсатымыз - дүниеге келген әрбір жаңа ұрпақты Әуезов шығармаларымен ауыздандырып тұру. Биылғы жылы ғана біздің баспамыздан Әуезов туралы

естеліктер, шығармалары, эсселер, зерттеулер, роман жарық көрді. Атап айтар болсақ, “Мұхтар Әуезов туралы естеліктер”, “Әуезов әлемі”, орыс тілінде “Мұхтар Ауэзов. Воспоминания современников”, Тұрсын Жұртбаевтың “Бесігіңді түзе” деген кітаптары басылып шықты. Ұйғыр ағайындарымыз “Қилы заманды” биыл өз тілдерінде сөйлетті. Сонымен қатар Мұханның әдебиеттегі сапарластары, серіктестері Жүмекен Нәжімеденовтің, Сафуан Шаймерденовтің, Әзілхан Нұршайықовтың, Әлжаппар Әбішевтің шығармалары баспа бетін көрді.

1998 жылдың жоспарында кезінде шектеулі саясаттың кесірінен орынсыз қысқарып кеткен Мұханның шығармаларын жинастырып, қалпына келтіріп, толық түрінде басып шығару”.

“Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес”, - дейді Абай атамыз. Олай болса, “Жазушы” баспасының бұл бастамасы сүйсінерге тұрарлық, Мұхтар Әуезовтің шығармалары бүгін, ертең, ғасырлар бойы қуны артпаса, жоғалмайтын туғыры биік рухани қазына. Олай болса, Мұхтар ағамыздың шығармаларын көптеп оқыық, оқып қана қоймай, көңілімізге тоқиық, замандастар!

Ғалия Ақсейітова,
Журналистика факультетінің
3-курс студенті.

МӘЛІК АҒАМЫЗДЫҢ ӨНЕГЕСІ

1968 жыл. Журналистика факультетіне түсіп, төбем көкке екі елі тимей жүрген. Қазақ ауыз әдебиетінен сендерге лекцияны Мәлік Ғабдуллин жүргізеді деген хабар жетті. Ақыры сол сыбыс расқа айналды. Кеңес Одағының Батыры, академик М.Ғабдуллин аса қарапайым, кішіпейіл адам екен. Бәрімізді фамилияламызбен емес, атымызбен атайды. Есімі аңызға айналған кісінің дәлізде еңттермен темекі тартып тұрғанын, о жанда, бұл заман кім көрген? Басында тандандық, артынан етіміз үйреніп кетті. Бірде “Қыз Жібек” жырын талдап тұрып:

- Орыстарда “красавица”, “красна девица” деген сөз бар, соны қазақша қалай аударар едіңдер? - дегені.

Жапатармағай жамырап жатырмыз. Орысшаға жүйрігіміз де, шабанымыз да.

- Жез бұйдалы боз тайлақ, - деп, бізді есімізден тандырды да, сабағын жалғастырып әкетті Мәлік ағамыз.

Кей кездері қазақ зиялыларының басына түскен зобаланды, бірінің үйіне бірі кіруге қорыққан заманды, батырлар

жырының халықтығы туралы айтысты әңгімелеп бір кететін.

Күндердің күні жадыраңқы раймен Мұхтар Әуезов екеуінің арасында болған түсінбестікті, ортаға от тастаған ағайынның қиянаты туралы сөйледі. Сөйтсек, 1985 жылы “Жұлдыз” журналына шыққан “Кірбіңі кеткен көңілден...” атты мақаласы ұстазымыздың алпыс сегізінші жылы көкейінде жүрсе керек. Мәлік Ғабдуллин бізге ұстаз болса, ұлы Мұхтар Әуезов - Мекенге ұстаз. Ол кезде кім байыбына барған, академик Мәлік Ғабдуллиннің біз сияқты сары ауыз балапандарға ұстазыңның көңілін қалдырма, әнтек шалыс бассаң, артынан қатты өкінісін дегісі келгені анық-ау.

Қазір М.Ғабдуллиннің М.Әуезовке жазған хатының тарихын, ұлы жазушының оған жазған жауабын ел жақсы біледі. Тек мына бір деталь еш жерде көрінбеген сықылды. Мәкен Мұхтар Әуезовке арналған хатын өз қолымен “Қазақ әдебиетінің бас редакторына апарып беріп, үтір-нүктесіне дейін өзгертпей жариялауын өтініпті. Сондағы

бүкіл айтар ойының шылбырын: “Қазақ әдебиетінің шешілмей жатқан мәселелері өте көп қой. Оларды бірлесіп, ынтымақтаса, бір-біріміздің қате, кемшіліктерімізді жолдастық ниетпен сынаса отырып шешуге тиістіміз. Бұл айтылған жайлар соңғы кезге дейін болмай келді ғой. Бір кезде сын деп, сынау деп сынаржақ кеткен, асыра білтіген жеріміз болды. Ондайымыз үшін кешірім етуіңізді сұраймын”, - деген тұпқазыққа байлапты.

Мінеки, ұлы жазушы мен сезімтал педагог, ғалым, Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік институтының ректоры М.Ғабдуллин арасындағы реніш-кірбің бір-ақ ауыз сөзбен осылайша жуылып кетіпті.

Кейін білдік, ұстазымыз “Қазақтың батырлық жырын зерттеу жөніндегі проблемалар туралы” балнадамасын біз оқып жүрген корпусстың мәжіліс залында (ол кезде Үкімет үйі) 1953 жылы, сәуірдің он екісінде жасапты. Осы ғимаратқа бас сұққан сайын оның есіне әлгі оқиға түсіп, енді бұл шаңырақта ұстаз бен шәкірт тек сыйластықта жүрсін деген тілегін жеткізгені екен бізге.

Кәкен Қамза



АСҚАР ТАУ АЛЫСТАН АЖАРЛАНАДЫ

Самайын ақ шалған биік шың неғұрлым алыстан қарасаң, солғұрлым ажарлана, кемелдене түседі. Биыл халқымыздың дарынды, біртуар перзенттерінің бірі, ұлы қаламгер Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО деңгейінде атап өтіп жатқаны сол толысуымыздың, кемелденуіміздің - жарқын көрінісі. Осы мерейтойға орай заңғар жазушының әдеби мұраларын кеңінен насихаттау жұмысы өріс алуда. Осындай игілікті істің көшбасындағы мекемелердің бірі әрі бірегейі - Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Мерейтой қарсаңында біз осы мекеме директорының орынбасары Бейбіт Мамырәев мырзаға жолығып, сұхбаттасқан едік.

Гүлжан Ескендір: - М.Әуезовтің мерейтойына орай тікелей институт ұжымының атқарып жатқан істеріне тоқталып өтсеңіз.

Бейбіт Мамырәев: - 1994 жылдың шілде айында үкіметіміздің ұлы жазушының жүз жылдығын лайықты атап өту туралы арнайы қаулысы қабылданған еді. Осы құжатта атап көрсетілгеніндей, Ұлттық Ғылым Академиясының арнаулы мерекелік сессиясы, "М.Әуезов және ХХ ғасырдағы әлем әдебиеті" деген тақырыпта халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы өткізілуі керек болатын. Қазір осы бағытта институтымыздың ұжымы қызу дайындық жүргізіп жатыр. Халықаралық дәрежеде өткелі отырған бұл конференцияға 15 мемлекеттен белгілі ғалымдар, жазушылар, аудармашылар, мәдениет және қоғам қайраткерлері келеді деп отырмыз. Атап айтқанда, түрік жазушысы Салық Турал, Пәкстан жазушысы Фаһар Заман, Мажарстан елшісі, әдебиетші, ғалым Иожеф Торма, "Шыңғыстаудың үш шыңы: Абай, Шәкәрім,

Мұхтар" кітабының авторы қытайлық ғалым Су Чжоу Цунь, М.Әуезов шығармаларын голланд тіліне аударған Роберт Эрнерс, Санкт-Петербург университетінің ректоры, профессор Л.А.Вербицкая, сол сияқты өзіміздің Орталық Азия мәдениет қайраткерлері қатысуға тілек білдірді.

Маусым айында Парижде Әуезов күндері өткені мәлім. Сонда ұлы жазушының шығармашылығына арналған конференцияда академик С.Қирабаев баяндама жасады.

Ұлттық Ғылым Академиясының "Хабаршы" журналының бір нөмірі (№4, 1997ж.) түгелдей М.О.Әуезов шығармашылығына арналды. Сол сияқты "Ғылым" баспасынан "Әуезов мұрасы" деген атпен біздің ғалымдарымыздың ұжымдық жинағы шыққалы жатыр. Түркияда түрік тілінде біздің институт қызметкерлерінің ғылыми мақалаларының жинағы шықпақ.

Институтымыздың жүйесі түрде шығарып жүрген "Қазақ әдебиеті" атты библиографиялық көрсеткіштің кезекті саны ұлы жазушының мерейтойына орай арнаулы том болып шықты. Бұл қомақты еңбектің авторы - Әбдіхамит Нарымбетов.

Г.Е.: - М.О.Әуезовтің жолып қуған жас ғалымдарды тәрбиелеуде қандай бағытты нысанаға аласыздар? Олардың беталысы қандай дер едіңіз?

Б.М.: - Менің ғылыми дәстүр үзіліп кете ме, ғылыми мектептер дамымай қала ма деген қауіп бар. Өйткені ғылымның ыстық-суығына шыдай алатын жастар тым аз. Біз "жас ғалым" деп, 35-40 жастағыларды атап жүрміз.

1995 жылы Әл-Фараби атындағы мемлекеттік ұлттық университеті мен Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінен ғылыми жұмысқа икемі, кеудесінде сәулесі бар-ау деген жастарды қабылдаған едік, солардың жартысынан көбі шығып кетті. Неге? Гәп мынада - олар ғылымға бар болмысымен берілмегендер. Оларға берілетін мардымсыз жалақы күн көрістеріне жетпеген соң, шыдай алмады. Яғни, Абай айтқандай көрсем, білсем деген жан азығынан гөрі ішсем, жесем деген тән азығын жоғары қойған соң, ғылымның қиындықтарына қарсы тұратын қауқар қайдан болсын...

Республика ғалымдарының алдында қазақ әдебиетінің тарихын жасау

сеکیلді үлкен жауапты міндет тұр. Архивсіз, тарихсыз ғылым жоқ. Ғылым үшін жаның шүберекке түйіп жүрген жастар болмаған соң, әлгі міндеттің орындалуы екіталай екендігіне дауым жоқ.

Г.Е.: - М.О.Әуезовтің мерейтойына орай оның шығармаларының толық жинағы 50 томдық болып шыққалы жатқандығынан оқырман қауым құлағдар. Сол 50 томдықты баспаға өзінше осы институттың да үлесі бар шығар?

Б.М.: - Бұл қомақты еңбек М.О.Әуезов мұражайының басшылығымен жарыққа шықпақ. Мұндай жауапты міндетті бір ғана мұражайға арта салуға болмайды. Сондықтан біздің ғалымдарымыз да алдағы уақытта оған атсалысады, өз үлесін қосады деген үмітіміз бар. Жақында бірінші том оқырмандар қолына тигелі жатыр. Аталмыш томның жауапты шығарушылары - институтымыздың қызметкерлері, Зәки Ахметов пен Серік Қирабаев сынды академик ағаларымыз.

Г.Е.: - Жалпы, ұлы жазушының шығармашылығына байланысты шығып жатқан кітаптар сіздердің сұрыптауларыңыздан өте ме? Кейде бір факті түрліше түсіндіріледі. Әлде баспадағы ағайындар сіздердің пікірлеріңізбен есептесе қоймай ма?

Б.М.: - Егер кітап біздің институттың атынан шықса, онда әлгі туынды ғылыми кеңесте қаралып, бекітіледі. Алайда әр адамның жүрегінде әділет цензурасы болуы керек. Жауапсыздық танытқан автор келешек ұрпақ алдында жазаланады деп ойлаймын.

Г.Е.: - Осы мерейтойға байланысты қолға алынып отырған ауқымды шаралар жөнінде не айтар едіңіз?

Б.М.: - Жалпы, М.Әуезовтің мерейтойын өз дәрежесінде мерекелеу біздің халқымыздың ауызбіршілігін, бүгінгі рухани келбетімізді айқындап беретін шаруа болғанды түр. Ұлы неміс ойшылы Гегелдің сөзімен айтқанда, "Мәселенің шешілуі - келесі мәселенің басы". Осы айтулы мерекеге орай институтымыздың жекелеген ғалымдарының қомақты еңбектерін атап өткенім жөн деп ойлаймын. Ол академик Зәки Ахметовтің "Роман - эпопея М.О.Ауэзова", Р.Бердібаевтың "Мұхтар шыңы", Ә.Молдахановтың "Әуезов-фольклортанушы" аты еңбектері жақында ғана "Ғылым" баспасынан жарыққа шықты. Ұлы жазушының шығармашылығынан мол мағлұмат беретін бұл ғылыми еңбектер ғалымдарымыздың мерейтойға арнаған субелі тартулары.

Г.Е.: - Әңгімеңізге рахмет!

Гүлжан Ескендір,
журналистика факультетінің
3-курс студенті.



Суретте: Университетіміздегі М.О.Әуезов мерейтойына арналған кітап көрмесі.



ОТКУДА НАЧИНАЕТСЯ НАША азбука

Акселеу Сейдимбеков - нынешний директор института имени Ы.Алтынсарина - автор около 30 книг! В их числе - "Поющие купола", "Алпамыс-батыр", "Всадник на белом коне" и многие другие. Произведения писателя переведены на десятки языков мира. Большинство из них - об истории нашей страны, этнографии и традициях казахского народа. И некоторые мысли видного писателя, маститого исследователя отражены в интервью нашего корреспондента **Айнур Каргалиновой**.

Корр.: Что Вас подтолкнуло к изучению истории, хотя, насколько мне известно, по профессии Вы не историк?

А.С.: Огромная историческая трагедия моего народа. Шел процесс бессильного запрета языка, инициалась культура целой нации, человек становился, можно сказать, духовным калекой. Я посчитал тогда, что моя первейшая обязанность - рассказать современникам о ценностях, накопленных в течение тысячелетий

кочевой цивилизацией. Как сказал Джавахарлал Неру, нация, которая не ценит свое национальное достояние, не имеет права жить.

Корр.: Недавно Вы побывали в Монголии и своими глазами увидели памятники орхоно-енисейской письменности. Что они из себя представляют?

А.С.: Во-первых, я хочу сказать: до сих пор в книгах по истории пишут, что казахский народ как этнос образовался лишь в XV веке. Но ведь этнический процесс начался намного раньше, со времени великого тюркского каганата, существовавшего в VI-VIII вв. Здесь уже тогда была своя письменность, чего нельзя сказать о некоторых других народах. С уверенностью можно говорить: наши предки давно обладали огромной массой культурных богатств. А сами орхоно-енисейские памятники - еще одно яркое доказательство этой самобытной цивилизации. Посетить их было моей заветной мечтой. Все надписи сейчас расшифрованы и содержат в себе

уникальные сведения о Культегине. Он был ханом ханов, а божеством - Тенгри. Даже надпись на стеле начинается с таких слов: "Когда Тенгри, бог неба, создал землю, то он утвердил ханом ханов Культегина, который ночью не спал, днем не слезал с коня. И был одним из величайших людей на земле..." Ученые по-разному трактуют их смысл. Одни утверждают, что это - образец поэзии, а Мухтар Ауэзов считал, что это начальная форма эпических произведений. В мире эпос создавали лишь считанные народы. И мы - один из них.

По инициативе вице-преьера, министра культуры и образования РК И.Тасмагамбетова со следующего года начнут делать копии этих памятников, они будут установлены перед зданием КазГУ, а также в Акмоле. Все это, я надеюсь, будет служить во имя прогресса и процветания нашего народа.

P.S. Наверное, чтобы понять А.Сейдимбекова до конца, особенно нам воспитанным на других ценностях, надо лучше знать историю своей родины, имена ее великих сыновей.

"ҮЙҒЫР ХАЛҚЫНЫҢ ДА ПАНАСЫ ЕДІ" -

деген сөзді филология ғылымының кандидаты Рабик Исмаилов тебірене отырып айтты маған. Мен де қадала қарды, тындап қалыппын. Ол кісінің тебіренісі мен толқуы маған да көшкендей. Селт ете алмадым.

- Мен жасымнан М.Әуезов шығармаларын оқып өстім десем, сөзім жалған шығар еді. Сондықтан шынымды айтайын.

Бұл кездейсоқтық деген шындықтың жиді қойсайшы, бірде институтта бірге оқыған Мұрат Хамраев пен Савут Молдауловты іздеп Қазак КСР Ғылым академиясына бара калайын. Әдебиет институты орналасқан үшінші кабатқа көтерілгенімде, бір кабинеттің есігіндегі "Академик М.О.Әуезов" деген жазуға көзім түсті. Таң қалдым. Атағы да, абыройы да аспандаған ұшының академик

екенін, филология ғылымының докторы екенінен мен мүлде бейхабар болып шықтым. Айтып-айтпай не керек, кейін өзім де осы институтта екі жылдай жұмыс істегенде, ұлы жазушыны, аса көрнекті зертеушіні тани түстім. Мұхтар Омарханұлы институттың кез келген мәжілісіне қатыса бермейтін, тек субелі, сүйекті проблемалар қаралған кезде сөз



алатын. Кемел де келісті ой толғайтын. Асықпайтын. Көпшілік Мұхтар не айтар екен деп, жүйелі сөзді сол кісіден күтетін.

Менің диссертациям талданған ғылыми кеңесте Фабиет Мүсірепов ағамыздың: "Отызыншы жылдары Қадирден (Хасанов) басқа кім бар еді" - деп мені көп-көрім тосылтқаны бар. Сонда Мұхтар Омарханұлы Ташкентте жүрген кезінде танысқан үйғыр жазушылары мен ақындарын атап өтті. Жансүгіров, Сейфуллин, Майлиндер ақталды. Демек, соларға ұқсас үйғыр жазушылары да ақталады. Біз білмегенді бұл жігіт біледі екен деп, мені қолтығымнан демегенін қайтіп ұмытайын...

Әңгіме қызығына түсіп, уақытты да ұмытыппын. Рабик ағайдың кабинетінен шыққанымда, ымырт үйіріле бастаған екен. Тау жақтан бір қоныр салқын ескендей. Мен опера және балет театрының жанына таяп келгенімде, ерке самал ұлы жазушының бұйратолқын шашын аялап тұрғандай еді.

Сәнәм ИМРӘМЗИЕВА,
журналистика факультеті
үйғыр бөлімінің студенті.



А Х, Л Е Т Т О ...

Оно еще долго будет вспоминаться Данилу Токареву - студенту третьего курса факультета психологии и политологии КазГУ. Он провел его в 55-ти километрах от Алматы, в оздоровительном лагере "Связист", куда ежегодно стремятся попасть как школьники, так и те, кто постарше. Работал инструктором. С детьми ведь так интересно: появляются необходимые профессиональные навыки. Практическая психология - она везде применима, а быть постоянно с ребятами - ершистыми, упрямыми, любознательными - одно удовольствие. К тому же он давно сдружился со здешними педагогами, старшими и младшими инструкторами, каждый из которых - это прежде всего талантливая личность: Светлана Исакова, Татьяна Назарова, Алексей Злобин, Роман Иванов... Среди них много студентов. Постоянное общение с ними доставляет много счастливых минут и придает жизни какой-то особый смысл. Так что Данил очень рад: лето сложилось удачно. А ведь не секрет, что далеко не у всех его сверстников есть возможность проводить каникулы так же. В основном

они сидят дома, поехать некуда, вернее, не на что, а устроиться на работу весьма проблематично.

В этом году в лагере побывали около 800 ребятшек. Сколько пришлось потрудиться, чтобы все они остались довольны! В "Связисте" - этом особом городе для детворы - были и банк, и биржа труда, и даже ресторан "Достык". Были и свои деньги, которые назывались тут талантами. Их можно было зарабатывать и тратить в свое удовольствие. А сколько всевозможных игр, театрализованных представлений, показов мод, конкурсов, дискотек! Действовала даже своя радиостанция "С". А ночью... ночью можно было заглянуть в настоящий телескоп (его собрал Роман Иванов) и прикоснуться к далекой вечности. В общем уезжать из лагеря не хотелось, но пришлось. А что делать, если подкралась осень? Теперь опять начнутся лекции, семинары, ночные бдения за настольной лампой... Ну, да ничего! Бог даст, время пролетит незаметно, а там, глядишь, снова настанет лето...

Записала со слов Данила Токарева
МАШИМ

Пластиковый кошелек у студента. Почему бы и нет?

В первые же дни учебы узнаешь: много изменений произошло в вузах города. Это, скажем, создание Института экономики и права при КазГУ, у всех на устах - грядущая аттестация факультетов (то бишь проверка успеваемости) и II Центральноеазиатские игры в Алматы.

Конечно, это все очень интересно, но в данный момент студенты обеспокоены другим немаловажным фактом. Дело в том, что недавно принятом правительством постановление "О мерах по изменению формы оплаты стипендии, заработной платы и других денежных выплат в организациях, содержащихся за счет государственного бюджета". С начала 1998 года все работники бюджетной сферы, студенты и пенсионеры должны будут открыть лицевые счета в народном банке и получить платежные пластиковые карточки системы "Алтын". Министерство финансов откроет в Народном банке счета для обеспечения выдачи денег бюджетным организациям через указанный банк. С помощью такой прогрессивной формы выплаты денег правительство хочет решить проблему задолженностей по пенсиям и зарплатам и обеспечить своевременность их выдачи.

Благодаря системе электронных платежей неизбежно станет сокращение в обороте объема наличных денег, что тут же

отзовется ощутимым увеличением налоговых сборов в бюджет. При функционировании системы безналичных электронных платежей автоматически утратит свою актуальность проблема уклонения предприятий от фиксации своих доходов. Поскольку платежи с помощью простых пластиковых карточек приобретут прозрачность, деньги перестанут кружиться "черным налом". Именно этот эффект имеется в виду, когда говорят о безналичных платежах как признаке цивилизованного государства.

Что ж, да будет так! И еще. Если карточку украдут или она потеряется, вы можете позвонить в банк, и вашу карточку сразу же заблокируют. Есть еще одна форма защиты карты "Алтын". При подписании договора вам вместе с карточкой выдается специальный запечатанный конверт со вкладышем, в котором содержится присвоенный лично вам персональный идентификационный номер (ПИН) - 4-х значный цифровой секретный код, который никому кроме вас не будет известен.

Что ж, как видите, повода для особого беспокойства нет, разве что мучает неизвестность: когда мы сможем держать в руках этот долгожданный "пластиковый кошелек"?

Ляззат Абишева,
студентка 4 курса факультета
журналистики

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ мемлекеттік ұлттық
университетінің ректораты
және журналистика факультеті.

Газетке Қазақстан
Республикасының Баспасөз
және бұқаралық-ақпарат
министрлігінде № 1242 тіркеу
күәлігі берілген.



РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы қаласы,
әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат,
14 қабат, 1408 бөлме.
Тел.: 47-06-32, 47-28-16.

Бас редактор -
К. ҚАМЗИН;

көркемдеуші -
К. МУХАМЕДЬЯРОВА;
терімші -
А. БАБАСОВА;
Фотосуреттерді баспаға
әзірлеуші -
Қ. НҮРФАЛИЕВ

Ақылдастар алқасы:

Л. АХМЕТОВА,
тарих ғылымының кандидаты;
З. МАНСУРОВ,
проректор, химия
ғылымының докторы;
Н. ОМАШҰЛЫ,
филология ғылымының
докторы;
Ж. ДӘДЕБАЕВ,
филология ғылымының
докторы.

Жарияланған материалдардағы
автордың көзқарасы редакцияның
ұстанған бағытына сәйкес келуі
міндетті емес.

Нөмір ҚазМУ-дін "Қазақ
университеті" баспасында теріліп,
басылып шықты. Бағасы келісім
бойынша. Тараламы - 500 дана.
№ 541 - тапсырыс.